



# Жалағаш

## Жаршысы



№82 (9969)

17 қазан

сейсенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

Мыхан Ерниязов – 130 жыл

## Фибратты ғұмыр ұрпақ жадында жаңғырды

Бұқарбай батыр ауылына бұған дейін де жолымыз түскен. Бірақ бұл жолғы сапарымыздың мәні бөлек. Есімі аймаққа мәлім Мыхан Ерниязовтың 130 жылдық мерейтойы атап өтілуде. Жалпы Жалағаш жұрты өткенін ұлықтап, өшкенін қайта жаңғыртуда салтынан жаңылған емес. Бүгін фибратты ғұмыр иесінің тағылымға толы өмір жолын еске алу ұрпаққа насихаттау мақсатында өтіп жатқан шара бұл сөзімізді қуаттайды.

Мерейтой М.Ерниязов атындағы саябақтың ашылу салтанатымен басталды. Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев және еңбек ардагерінің ұрпақтары шараның маңыздылығына тоқталып, Мыхан Ерниязовтың еңегелі өмір жолы еске алу ұрпаққа үлгі болатынын жеткізді.

Бүгінгі шараның өзіндік мәні бар. Мыхан Ерниязовтың аудан жұртына, жалпы аймаққа ортақ тұлға десек те болады. Атамыз жастайынан ел-гезектігімен ізденімпаздығымен көптен дара болды. Өмірден жиған тәжірибесін өңірдің өркендеуіне, аудан әулетінің артуына, ауылдың гүлденуіне жұмсады. Бүгін ұрпақтарының ұйымдастыруымен тағылымды шара өтуде. Осындай атпал азаматтардың еңегелі өмір жолын біз еске алу ұрпаққа үлгі етуге тиіспіз. Мыхан Ерниязовтың ұрпақтары да атамыздың жолын қуып, елдің өркендеуіне ер салада қажырлы еңбек етуде. «Әке көрген оқ жоңар, ана көрген тон пішер» деп қазақ бекер айтпаған. Сол елге еңбегім сіңісің, кіндік қаным тамған жерге маңдайымның тері де сіңіуі керек» деген қағиданы қатан ұстанған атамыздың ұрпақтары өңірдің өркендеуіне сүбелі үлес қосуда. Осындай тағылымды шарадан үлгі алған жастар ертең елдің өртеніне аянбай еңбек етеді. Бүгінгі шараның

өзіндік мәні бар дегенім де сондықтан, – деді Ғани Кенжеғараулы.

Мұнан кейін жас та болса аймаққа белгілі жырау Марат Сүгірбай еңбек ардагеріне арнауын көпшілік алдында орындап, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ қонақтар саябақтың ашылу салтанатына қатысып, қайраткер биостінің алдына гүл шоқтарын қойып, құрмет көрсетті.

Айтулы шара Бұқарбай батыр ауылындағы мәдениет үйінде жалғасын тапты. Онда Мыхан Ерниязовтың өмір жолына арналған ғылыми-танымдық конференция өтіп, «Сәулелі ғұмыр» атты кітаптың тұсауы кесілді. Аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов модераторлық жасаған конференцияда атпал азаматтың өмір жолы кейінгі буынға насихатталды. Жиында облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов облыс әкімінің мерейтойға арнайы құттықтауын оқып, ұрпақтарына табыс етті. Сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімінің құттықтауын қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев табыстады. Мұнан кейін сөз кезегі өдеттегідей баяндамашыларға берілді.

Филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Әнешұлы «Сәулелі ғұмыр» атты тың туындыны жазарда үлкен ізденіс болғанын айтады. Мемлекеттік архивтен бастап жергілікті басы-

лымдарда жарық көрген мақалалар да сүзгіден өткен, әсіресе ол бұрын «Күрішшілер» деп аталған қазіргі «Жалағаш жаршысы» газетінде тың мәліметтер барын тілге тиек етті.

XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы ең ауыр кезеңде ауылдық кеңес төрағасы, колхоз төрағасы қызметтерін атқара жүріп, ел дамуына елеулі еңбек сіңірген Мыхан Ерниязовтың – өзі өмірден өткенімен елге жасаған жақсылығы, игілікті істері мен игілігі мол адами бітім-болмысы ұмытылмаған, бірнеше буын ұрпақ ауысқаныман, ел аузында аңызға айналған адам. Оның 130 жылдық мерейтойы қарсаңында көзін көріп, тәлім-тәрбиесін алған жалағаштық ақсақалдармен пікірлестік. Барлығы «Ел-халқына еңбегі сіңген, жақсы адам өді» деп еске алады. Тіршілік бар жерде күннің сәулесі өшпек емес. Қанша заман өткенімен қоғам ауысқаныман, мынау жарық дүниемен қаншама адам қоштасқаныман, Жер-Анаға түсетін күн шалағы сол бәз-баяғы қалпы! Жап-жарық, жыпыңшы! Жақсы адамның жақсылығы да күннің сәулесі сияқты мәңгілік! Өзі өмірден өткенімен, оның жасаған жақсылығы, өткен еңбегі ұмытылмақ емес. Бүгін қалың оқырманға жол тартқан туындының атын «Сәулелі ғұмыр» деп қоюмыз да тегін емес. Мыхан Ерниязовтың да тау тұлғасы



арада жылдар өткенімен, ел жадынан оның айналасына түсірген жақсылық сәулесі күн өткен сайын жарқырай түсіп, бірнеше буын ұрпақ үлгі-өнеге алып, бет түзер тұғырлы тұлғаға айналды. Тектілік – адам бойындағы асыл қасиеттердің ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі. Ол көздейсоқ қалыптаспайды, дүниетанымдық, дідлік, психологиялық бейімділік те қан арқылы беріледі, өрне отбасындағы тәрбиенің де орны ерекше. Өткен ғасырдың алғашқы жартысында Мыхан Ерниязовтың ел басқарудағы қабілетімен, жер-суды, шаруашылықты жақсы білетінімен, жанашылдығымен көзге түссе, арада бір ғасыр өтпей-ақ ата бойындағы осындай қасиеттер ұрпақ қанында ойнап шықты, – деді ол.

Айта кетейік, Мыхан Ерниязовтың 1893 жылы Перовск уезі Байзақ

болысы №7 ауылда (қазіргі Жалағаш ауданы) Бұқарбай батыр ауылы) дүниеге келген. Ауылда алғашқылардың бірі болып сауат ашу мектебінен білім алған ол кейін ел басқарып, Сыр өңірінің дамуына сүбелі үлес қосты. Әкесі Ерниязов ақыл-парасаты мол адамшылықтан атпамаған, кісі ақысын жемейтін адал өңді адам болған деседі. Осындай өнегелі отбасынан текті әулеттен шыққан Мыхан Ерниязовтың XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап ел басқару ісіне араласты.

Бұл ел өміріндегі ең ауыр кезең болатын. Алғаш колхоз төрағасының орынбасары қызметін атқарған ол 1933 жылы «Қызыл ту» ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланды. Осы қызметті 1938 жылға дейін атқара жүріп, ауыл өмірінің әлеуметтік дамуына, ел ішін жайлаған ашаршылықтан тұрғындарды аман

алып қалуға ерекше үлес қосады. Оның ел басқарудағы ұйымдастырушылық қабілеті ескеріліп, 1938 жылы К.Маркс колхозының төрағасы (қазіргі Жалағаш ауданы) Бұқарбай батыр ауылы) қызметіне тағайындалды. 1945 жылға дейін осы қызметті абыроймен атқарды. Мыхан Ерниязовтың Сыр өңіріне күрші дақылын алғаш жерсіндірудегі еңбегі де ерекше. Алғашқы жылдардан бастап К.Маркс колхозының күрішшілері жоғары өнім жинап, мемлекет қамбасын астықпен толтыруда көзге түседі. Соның нәтижесінде күрішші Айымқұл Ізтілеуова Қазақ ССР Жоғары кеңесінің депутаты болып сайланды. Ол басқарған жылдары колхоз аудан көлемінде алдыңғы қатарлы шаруашылыққа айналды. 1939 жылдан партия мүшелігіне кандидат болған, – деді кітаптың авторы.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Бағдарлама игілігі

## Жаңа жоба жұмысын бастады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біздің өңірде, өлімізде кәсіпкерлік саласының дамуына үлкен серпін беріп, мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеке кәсіпкерлер жаңа жобаларды іске асырып, тұрғындар тұрақты жұмыспен қамтылуы керек» деген болатын. Осы тапсырмалардың орындалуы бағытында бүгінде көптеген жоба атқарылып, ауданның әлеуеті артып, Жалағаштың жаңа келбеті қалыптасып келеді. Күні кеше аудан халқына қолжетімді бағада тауарларын ұсынатын «Мега Планета» атты тағы бір сауда үйі жұмысын бастады. Нысанның ашылуына аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов пен бірқатар ел ағалары қатысты.

Заманауи бағытта салынған сауда үйі аудандағы ірі сауда нысандардың біріне айналмақ. Бұл нысанда киім-кешек, аяқ-киім тауарлары қаралайым халыққа қолжетімді бағада ұсынылады. Нысанда жалпы 15 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылған.

Жалпы алаңы 400 шаршы метрді құрайтын «Мега Планета» сауда үйінің иесі – жеке кәсіпкер Назым Әбдібақырқызы. Бұл жобаның құны 97 млн теңгені құрайды. Оның ішінде 50 млн теңге «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы аясында «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы» ЖШС арқылы жеңілдетілген пайызбен қаржыландырылған.

Назым Тоқтамсызова бұған дейін ауданда 2 балабақша ашқан болатын. Соның арқасында ауданның 40 тұрғынын жұмыспен қамтығанын айтады. Кәсіпкер қаншама адамды жұмыспен қамтып, кірісін еселеп, ауданның көркеюіне де үлес қосып келеді.

Бұл сауда үйін 3 жылдан бері жоспарлағанбыз. Бірақ ашылуы бүгінге бұйырған екен. Мен өзім 1995 жылдан бастап кәсіппен айналысамын. Біздің кез жоқшылық уақыты болғандықтан басында қиындықтар көп болды, сауданы пойыздан бастадым. Қасыма екі баламды ертіп алып, 5 пойызға кезекпен шығып, күрші сатынымын. Еңбектің наны тәтті деген осы шығар, міне, жемісін көрудемін, – дейді кәсіпкер.

Айта кетейік, ауданда жыл басынан бері 3294 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,8 пайызға артқанын аңғарамыз. Оның ішінде нақты жұмыс жасап тұрғаны 223 бірлікке немесе 7,7 пайызға көбейген. Қарап отырсақ, аудан тұрғындарының кәсіппен айналысу деңгейі жоғарылап келеді. Жыл басынан бері ауданда 2 млрд 814,1 млн теңгені құрайтын 111 жоба қаржыландырылып, 136 адам жұмыспен қамтылған. Бұндай жобалар ауданның көркеюіне үлкен қосуда. Бір жағынан жұмыссыз жүрген тұрғындар да жұмыспен қамтылуда.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Егінжай – 2023

Жаз бойы бапталған күрішке орақ салу жұмыстары да аяқталуға жақын, бірақ егіс басындағы қызу еңбек әлі басылған жоқ. Аудан іргесіндегі «Сәрке Батыр» ЖШС ұжымы да дала жұмыстарын бірыңғайлапты. Кешегі аптада жолымыз түсіп, қырмандағы жүріп жатқан қызу жұмыспен, биылғы егін шаруасының жайымен таныстық. Дала дарабоздары биыл да саланы оң нәтижемен қорытындылайтын сыңайлы.

Алтын күздің нағыз берекелі шағы – егін жинау науқаны. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Ыбырай Жақаев егінші жастарға «Егінді өсіре білуің – ең алғашқы асуды алуың, ал өнімді ысырапсыз жинап алуың – халыққа тартқан асылың» деп бекер айтпаған.

Қырманға келген бойда білек сыбана жұмысқа кіріскен «Сәрке Батыр» шаруа қожалығы жұмысшыларының заманауи аппарат арқылы жоңышқадан тұқым дайындап жатқанын байқадық. Егіншілер биылдыққа өнімнің соңғы гектарларын жинап жатқанын айтады. Шаруа адамдарының жұмысын жеңілдетер басты құралы заманауи техника екені даусыз. Себебі адам шамасы жетпейтін жұмыстардың біразын арнайы аппараттардың көмегімен еңсереді. Бұл шаруа қожалықта күрші тазалайтын заманауи аппараттар да баршылық. Егін орағына 3 класс комбайн, күрші тұқымдарын жинауға 2 «Мақдон» жатқасы және 2 «Енисей» жатқасы, 1 «Енисей», сонымен қатар 3 ХТЗ тракторы жұмылдырылған. Олар



## Күрішпен кірісін еселеген

күніне 90-95 тонна тұқым дайындауға қаунарлы. Канадалық алып аппаратты алғалы мұндағы өнімге сұраныс артып, шаруашылық шаруасының ширауына айтарлықтай қолғабыс болған.

«Сәрке Батыр» шаруа қожалығында алқаптың 950 гектарын «Лидер» сұрылындағы күрші өнімді құрайды. Сонымен қатар 360 гектарын жоңышқа, 200 гектарын бидай өнімдері алып жатыр. Шаруашылықтың өнімдері қашанда халықтың сұранысында. Қыркүйектің 5-не күрішке орақ салған ұжым қазір науқаңды қорытындылауға жақын. Бас

аграном Қанат Демесіновті өңгімеге тартып, биылғы өнімнің шығымы жайында бірқатар сауал жолдадық.

– Биыл жер ылғал болғандықтан бастапқы кезде шаруашылық жұмыстарымен айналысу қиын болды. Сонымен қатар күрші көп пісіп, межелеген уақыттан кешігіңкіреп тұрмыз. Алайда күршінен алатын орташа өнім жоғары болып отыр. Нақтырақ айтсам, дәл қазіргі уақыттың өзінде орташа өнім 55 центнерді құрайды. Алдағы уақытта межелі өнімге қол жеткізбесек, одан төмен астық жинамайтын сияқтымыз. Әрине соңғы жылдары су тапшылығы шаруалардың біразын титықтатқаны анық, бірақ біз де қол қусырып отырмай, бұл мәселені біршама күрестік. Енді осымен науқан жұмыстарын абыроймен аяқтап, келер жылдың да жоспарлы жұмысына қадам басамыз. Бастысы, өткен еңбек далаға көткен жоқ, соған шүкір дейміз, – дейді «Сәрке Батыр» ЖШС бас аграрномы Қанат Демесінов.

Күз – мереке мен берекенің, ырыс пен несбегін жемісін көретін, тау-тау болып үйілген мына астықтарды қамбаға толтырып құятын мезгіл. Бұл тек ауданымызда емес, жалпы елдегі халық ахуалын көтерер маңызды уақыттардың бірі болып табылады. «Еңбек етпесең, елге өкпелеме, егін екпесең, жерге өкпелеме» дегендей, шаруа қожалығындағы жұмысшылар таң бозарғаннан-ақ егістікке бет алып, тынымсыз еңбек етуден шаршамайды. Жаңбыр жауатын уақытқа жеткізбей, егінді жинап алу үшін шаруа адамдары жұмысын барынша тездетуде. Тіпті біз барған шақ түсі ас уақытына сәйкес келсе де, шаруа адамдары

демалмастан шаруашылық жұмыстарын ширатуда. «Біз түрегеліп ішіп кете беруге үйреніп қалғанбыз ғой, сендер отырып, ішіп алыңдар» деп қонақжайлық танытты. Иә, қонақ келсе арқашан дастарханды жайнатып тастау халқымыздың қанында бар қасиет емес пе? Бірақ біз де асқа қарамай, еңбек адамдарымен сұхбат құруға асықтық. Шаруашылық бүгінде 120-ға жуық ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Күніне 3 мың центнерден аса астық түсіріп отырған 4 өндіріс бригадасы бұйырса, биыл науқанды оң нәтижемен қорытындыламақ. Шаруа қожалығындағы жұмысшылардың да еңбегі зор. Өз басым осылай өрнбей еңбек етіп, адал маңдай термен тірлік етіп жүрген жандардың бәрін де еңбек адамы деп білемін. Күнкөрістің қамын жасап, тіршіліктің күйбейінен қолы босамайтын еңбеккер жандарға деген қоғамның құрметі де ерекше болар сөзсіз.

Биыл шаруашылықта техникадан мәселе болмаған. Себебі шаруашылық базасы толық заманауи соңғы үлгідегі техникалармен жарақталған. Ал мұның еңбек өнімділігіне де оң әсері болатынын айтпаса да белгілі.

Айта берсек, шаруашылықта тың жаңалықтар жетерлік. Қуантарлығы, оның барлығы еңбек өнімділігіне, өнім сапасына айтарлықтай оң әсер еткен. Аяқ су мәселесі күрделенген шақта күршінен мол өнім алу өкініш біріңкі қолынан келе бермес еткен. Бізді осы мақсатқа нәтижелі еңбек еткен дала дарабоздарының қолға алған жобалары қызықтырды.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

# 2 ҚОҒАМ

## Фибратты ғұмыр ұрпақ жадында жаңғырды

Сыр өңіріне белгілі қайраткер, еңбек және тыл ардагері Мұхамет Ернәлиұлының 130 жылдық мерейтойы қарсаңында ұлттық спорт дәріптеліп, республикалық түйе палуандар сайысы мен ат бәйгесі өтіп, шабандоздар көкпар тартты. Алғашқы күні түйе палуандар сайысынан бастау алған тартысты жарысқа өз өңірлерінің жеңімпаздары қатысып, мықтылығын дәлелдеп бақты.

DAI 130» маркалы автокөлігін жеңіп алды. Ал Астана қаласынан келген Нариман Оразбаевтың «Жезқара» атты қорғаушысы марапатталса, Алматылық «Көгершін» атты торы сәйгүлікті тақымдаған Болат Әбдүкерім бесінші орынды өңшілеп, 300 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды.



Ал ақтық мәреде сүрінген Нұрым Сәлімгерей II орынға жайғасып, 1 млн 500 мың теңгеге ие болды. Қола медаль мен 500 мың теңге сыйақыға Мақсат Исақабалов лайық болды.

Будан әрі ат жарыс 20 шақырымдық тоқбөйгеге ұласты. Аттың тісіне де, түсіне де, жасына да қарамайтын бұл бөйгеде 44 тұлпар бақталасты. Жиналған жұрттың дәлелімен қоздырып, қиулаған дауыстар атышарды бойлай шапқан шабандоздарға шабыт берді. Бұл бөйгеде Алматыдан келген Ғалымжан Нұрбаевтың Болат Әбдүкерім тізіндеген «Боец» атты жүйрігі топ жарып, «HYUNDAI SANATA» автокөлігін иеленсе, Астана қаласынан келген Нариман Оразбаевтың «Карсон» атты тұлпары екінші орынға жайғасып, 2 млн теңге сыйақымен марапатталды. Ал Алматы облысы Балқаш ауданының «Қаршыға» атты тұлпарын тақымдаған Бекарыс Бибосын мөрені үшінші кесіп, 1 млн теңге сыйақыны өңшілесе, Абай облысынан келген Мейрамбек Әлімжаннның «Найзақара» атты жүйрігі мәреге төртінші жетті, ол да 500 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды. Ал мөрені бесінші кескен ақтөбелік «Норд» есімді тұлпарды тізіндеген Мансур Ыдырысов жүлдегерлер қатарын толықтырып, 300 мың теңге қаржылай сыйақымен марапатталды.

Ұлттық спорт ойындарының бір түрі – бөйге, шабандоздар жарысы. Жылқы болған жерде бөйге де бар. «Ат – ер қанаты, жан серігі» деп текке айтылмаса керек.

– Ат спортының қыр-сырын меңгеру, аттың құлағында ойнап, дүлдүл шабандоз болу – кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Осыдан бір ай бұрын Сыр өлінде дүбірлеген дода болды дегенді есті салысымен, атымызды дайындап, қатысуға бел будық. Бұл – «Боецтың» екінші бөйгесі. Алғашқы бөйгесі Талдықорған қаласында өтіп, одан да жүлделі бірінші орынды жеңіп алған болатынбыз. Тұяқ тұяқты жібермейді. Қаншама чемпионаттарды басып озып, жеңіске жеттік. Осы салада жүргеніме 32 жыл болды. Бүгінгі бөйгеде 59-шы көлігімді өңшілеп жатырмын. Осы уақытқа дейін талай үлкен жүлделі бөйгелерде жеңіске жетіп келдім. Менің басты мақсатым – осы ат спорты одан әрі дамытып, болашақта ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, нәмере-шөберелеріме мұра қылып табыстау, – дейді ат есі Ғалымжан Нұрбаев.

«Жылқы – малдың патшасы, Малдан да қымбат нәрсесі. Қасиетті сол өңір. Бұрылса егер атбасы. Аттың басы тегін жерге бұрылмайды, текті өңірге бұрылады» демекші, ұлылығымыздың белгісі болған ұлттық спорт Бұқарбай батыр ауылында жалауын ткіті.

Айтұлы аламанға арнайы Жетісу өңірі мен Арқадан, Батыс пен шығыстан батыр атындағы ауылға атбасын бұрған 100-ден аса сәйгүлік арасынан өзара мықтылар анықталды. Бөйгеге қатысқан аттардың ішінде бұған дейін талай бөйгені қанжылап, дүбірлі додаларда сыналғып, қалың шаңның ортасында шашақан шап жұтыппаған жүйріктер де бар.

Дүбірлі дода құнан, ток, аламан бөйге болып үш топқа бөлінді. Жарыс құнан бөйгеден бастау алды. Атқан оқтай зулаған 34 сәйгүлік атшарбады шаңға көмді, 12 шақырымға шапқан шабандоздар бірінші өріт бөді.

Адамның дәлелімен қоздыратын мұндай ат жарыстар ұлттық спортшымыздың қайталанбас үрдісі екенін дәлелдеп, алғашқы айналымның да шаңы көрінді.

«Төрт тұяғын тең басып келе жатың. Тасқа басқан тарихтың таңбасындай. Шабандоздың төбесі көрінді.

Жазықта жалғыз тұрған тау басындай» демекші, желмен жарысқан сәйгүліктердің ішінде алғашқы болып мәреге Алматы облысы Жамбыл ауданының тұрғыны Ергали Жетпісовтың Абзал Тұрғанбет тізіндеген «Лазер» атты сәйгүлігі жүйріктігін танытып, бірінші болып мәре сызығын аттады. Ол ұйымдастырушылар тарапынан «HYUN-



«Той қызығы соңында» демекші, аламан бөйгеге де кезек келді. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атануды мақсат еткен шабандоздар 30 шақырымдық аламан бөйгеде бақ сынады. Көпшілік асыға күткен бөйгеге 25 ат қосылып, 15 айналым бойынша жарыс жолына шықты.

– Жылқыны бағып, баптап, бөйгеге қосу да – үлкен өнер. Өнер болғанда да қанға сіңетін қасиет. Асқан қызығушылықпен жылдар бойы ден қойып үйренбесе, сырын оңайлықпен аша алмайтын ғылым. Менің салаға келгеніме екі жыл ғана уақыт болды. Десек те менің өкем, атам осы салада елеулі қызмет етіп, ат баптап, талай бөйгелерде жүлделі орын иеленген. Өке жолын қуып, мен де осы салаға келдім. «Ақкөзді» бытыр Тараз қаласынан сатып алып, быылдан бастап бөйгеге қосқан болатынбыз. Бүгінгі жарыс – «Ақкөздің» биылдыққа қосылған үшінші бөйгесі. Жуырда Қызылорда қаласында сәуір айында үлкен ас беріліп, бөйге өтті. Сол бөйгеден «Ақкөз» жүлделі I орынды иеленіп, алғашқы темір тұлпарды ұтқан

Дененінде шауып келген Жұмыртұяқ, Аламанды жарып келген Жұмыртұяқ, Жетісу облысының қоржынына. Талай жүлде салып берген Жұмыртұяқ, Мараттай ағамыздың бақ жұлдызын, Шешпейді жағып берген Жұмыртұяқ, Марпандай атбегінің ар-намысын, Құлатпай алып келген Жұмыртұяқ, Жеті жастағы Хамзадай шабандозға, Үш жасында шабыт берген Жұмыртұяқ, Дененінде алдына қара салмай, Біраз атқа бағыт берген Жұмыртұяқ, Қазақтың қолында өскен қол тумасы, Алты Алаш тауып берген Жұмыртұяқ, Жүз тұлпар аламанға қосылса да, Шоқ жұлдыздай ағып келген Жұмыртұяқ, Аламан бөйгеде жүргізуші осылай жыр арнаған бас тұлпар бас жүлдені иеленіп, «Toyota Highlander» автокөлігін жеңіп алса, Алматы облысы Қарасай ауданынан келген Аңсар Арыстанбек тақымдаған Елбасы қубогын иеленген, бағы мен бабы келіскен сәйгүлік «Мамайқара» есімді жүйрік екінші орынды иеленіп, «Hyundai Sanata» автокөлігін кілтін иеленді. Алматы облысы Іле ауданынан келген Абзал Тұрмыс тақымдаған Жанқойлықөвтар әулетінің «Тұмар» атты тұлпары Қазақстан чемпионатында тоқбөйгеден бас жүлде иеленсе, араға бір апта салып аламан бөйгеден үшінші орынды өңшілеп, 2 млн теңге ақшалай сыйақының жеңімпазы атанды. Төртінші орынға Астана қаласынан келген Әлихан Қайыржан тақымдаған «Бақтыр» тұрақтап, 1 млн теңгені өңшілесе, Ақтөбе облысы Қобда ауданынан келген Әлихан Сайлауғали «Самурық» есімді сәйгүлікті тақымдап, бесінші болып мәре сызығын кесті, жүлдегерлер қатарын толықтырған оған да 500 мың теңге табысталды.



Жексенбі күні шара Сыр сәйгүліктері гана қатысқан аламан бөйгемен жалғасты. Бөйгеге арғы басы Арал бергі басы Жаңақорғаннан 22 тұлпар қатысып, шабандоздар бақ сынады. Бірінші орынды Жанасыл Бекболат есімді шабандоз тізіндеген «Ақкөз» есімді тұлпар иеленіп, «HYUNDAI I20» маркалы автокөлігін ұтып алса, екінші орынға Арал ауданы Қызылжар ауылынан келген Шынтас Серікбай тізіндеген «Золотой» есімді тұлпар тұрақтап, 2 млн теңге қаржылай сыйақыны иеленді. Үшінші орынды Арал ауданының Ақай ауылынан келген Нұрым Жалғасалиев тақымдаған «Көгершін» есімді жүйрік жеңіп алып, бесінші 1 млн теңге бұйырды. Ал мөрені төртінші кескен «Ақбөкен» есімді арымдақты тізіндеген Әсет Кенжетайұлы 500 мың теңге ақшалай сыйақымен марапатталды. Бесінші орынға Қазалы ауданы Абай ауылынан келген Дінмұхаммед Тәнірбергенов тақымдаған «Спартак» есімді сәйгүлік тұрақтады. Жүлде қоры – 300 мың теңге.

болатын. Бүгінгі жүлде – екінші көлігіміз. Алда бір аптадан кейін өтетін сабантойға қатысуға ниеттіміз, – дейді атөсейі Мақсат Мейрамбекұлы.

Тартысты бөйгеден кейін шара қазақтың қанына сіңген қасиетті, дәстүрлі ұлттық ойыны көкпарға ұласты. Ойында жіптердің күш-жігері, төзімділігі, батылдығы мен елтілігі сыңға түсті. Ұлттық ойындарды дамытып, жастар арасында насихаттау мақсатында ұйымдастырылған жарысқа ауданға қарасты ауылдардың ат құлағында ойынатын білекті де жүректі 100-ге тарта шабандозы қатысты. Мұхаметовтар әулетінің ұйымдастыруымен тартысты да қызықты өткен ұлттық ойында салым салған шабандоздар ақшалай сыйақы иеленіп, Мәдениет ауылынан «Гелендәвен» есімді тұлпарымен қатысқан Самат ағамыз «Нива» автокөлігінің иесі атанды.

Бөйге мен көкпардан хабар келсе, жолдың қашықтығына қарамай асығып келген жұрт ат дүбірін тұяқтап, ер дүбірін намыстан жығылпаған бөсекеге толы бөйгенің күесі болды. Шабандоздар дүбірлі додада көрерменге ерекше қуаныш сыйлап, жұртты жақсы әсерге бөледі.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

### Брифинг

## 2 798 тұрғын вакцина қабылдаған

Апта басында өткен брифингте аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Индира Нағашыбайқызы тұмауға қарсы екпені қалай алуға болатынын егжей-тегжейлі айтып берді.

Иә, әдетте күз айларында суық тиюден асқынатын түрлі вирусты инфекциялар бас көтереді. Соның бірі тұмау жұқпалы респираторлық ауруы белең алады.

жағдайын нашарлатады. Жасыратыны жоқ, қазір кез келген отбасы мүшелерінің бір-екіуі тұмаумен ауыруда. Олардың арасында жедел дәрігерге жүгінетіндері мен өз бетінше ем-дом жасайтындары да бар. Бірақ өздігінен емделу өте қауіпті. Тұмаумен ауырып, ем іздеп күрескенде, алдын алған, вирусқа қарсы екем алған әлдеқайда тиімдірек дейді мамандар.

– Тұмауға қарсы емнің ең дұрысы – уақытылы вакцина алу. Тұмауға қарсы екпені жыл сайын осы уақытта жүргіземіз. Вакцинаны эпидмаусым басталмас бұрын иммунитет қалыптастыру үшін енгізу керек. Аудандық ауруханаға 3 555 доза тұмауға қарсы вакцина келді. Төуекел тобына кіретін тұрғындар оны тегін алады. Нақтырақ айтсам, созылмалы ауруы бар балалар мен ересектерге, медицина қызметкерлеріне, мектеп интернатындағы оқушыларға, балаларға, мүгедектерге салынады. Қалған азаматтар емханалар мен жеке ұйымдарына жүгінуге арқылы өз есебінен вакцинациялана алады. Есте сақтайық,



оқшауылы екпе алу еңбек ұжымында аурудың таралу қаупін және ауруға шалдыққан жұмыс күндерінің санын азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінге дейін 2 798 аудан тұрғыны тұмауға қарсы вакцинаны қабылдады. Егу науқаны 15 қарашаға дейін жалғасады, – дейді Индира Нағашыбайқызы.

Брифингте ақхалаттылар тұмау өршіп тұрған уақытта таза ауада жиі сәруендеп, қолды сабынмен жууды және дезинфекциялық заттарды қолдануды ұсынды. Бөлмені әлсін-әлсін желдетіп, «С» дәрумені бар өнімдерді тұтынуды да ұмытпаған шарт. Ең бастысы, бойында тұмау белгісі бар адамдар өзгелерден

оқшауылы, тез арада медициналық ем алуы қажет. Сол арқылы олар өзгелердің де денсаулығына кері әсерін тигізбейді.

Сонымен қатар тұмаудың алдын алу ережелері де бекітілген. Мәселен, эпидемиялық маусым басталғанға дейін тұмауға қарсы екпе алу, адамдар көп жиналатын жерлерде және қоғамдық көліктерде болу уақытын қысқарту, түшкіру немесе жетелу сияқты ауру белгілері бар адамдармен тығыз байланыста болудан аулақ болу, қорғаныс бетпердесін қолдану, қолды үнемі сабынмен жуу секілді іс-әрекеттер қамтылған.

Жандос ЖАЗКЕН



## Байқау Қауіпсіздік қаперде болсын

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі 2023-2024 жылдың қысқы жылу маусымына аудан аумағында орналасқан жеке жылу беру жүйелерін қолданатын көпқабатты және жеке тұрғын үй иелеріне құрылыстарды қауіпсіз пайдалану, газбен уланудың алдын алу және тұрмыстық өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында, сондай-ақ басқа да төтенше жағдайлардың алдын алуға түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жасап келеді.

Осы орайда бөлімнің ұйымдастыруымен «Үлгілі үй» байқауы өтті. Байқауға аудандан орналасқан көпқабатты тұрғын үй иелері қатысты. Басты мақсат – тұрғын үйлерде өртті болдырмау.

Аудан орталығында орналасқан Үрімбаев көшесіндегі көпқабатты үй тұрғыны Бағила Іздібаева «Үлгілі үй» байқауына белсене қатысып, жылу беру маусымында төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында жүйелі жұмыс жасап, үздік нәтиже көрсеткені үшін белім бастылығы алғыс хатымен марапатталды.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

## Қырық күн өтті өзіңсіз

Зымырап жатқан уақыт деген осы, ардақты анамыз, ақжарлықты әкеміз Бекзада Жүсіпәлиеваны ортамызда жүрген кеше ғана сияқты еді. Аяулы әкеміздің бағиқа бет түзгенінен бері де 40 күн өте шығыпты. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа шара жоқ. Енді ол жайында тек өткен шақтармен естеліктер айтамыз, жанға батағын д сол.



Бекзада Жүсіпәлиева 1939 жылы 5 мамырда Мәдениет кеңсінде туған. 1947-1957 жылдары Жалғаш кеңестік бұрынғы Сталин атындағы мектепте білім алды. 1968 жылдан КПСС мүшесі болды, аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатында 1960 жылдан бастап тігін шебері болып жұмыс істеп, 1993 жылы зейнеткерлікке шықты.

Ол 1973, 1975, 1977 жылдары Жалағаш поселкелік Советінің депутаты болып үш рет сайланды. Қазақстан Компартиясы Жалағаш аудандық партия комитетінің XXIV-XXVII партия конференцияларында, яғни 9 рет аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланды. 1985 жылы Қызылорда облыстық XXIII конференциясына да делегаттыққа сайланған. Ардақты анамыз 1975-1989 жылдары аудандық социалистік-жарыстық қорытындысымен 14 жыл бойына аудандың үздік тілшісі атағына ие болды. 1981 жылы Қызылорда облысының «тағдыры тұрмыстық қызметкер» атағына ие болса, 1982 жылы Облыстық «Еңбек Даңқы» кітабына аты жазылды.

Ардақты анамыз Социалистік жарыста жоспарлы тапсырмаларды үнемі асыра орындағаны үшін 1970 жылы 10 сәуірде «Еңбек үздігі», 1986 жылы 22 қыркүйекте «Еңбектегі зәт жетістіктері үшін» төбелсізін көрсеткен тақта, Қазан революциясының 70 жылдығына ұйымдастырылған жарыстың жеңімпазы ретінде КПСС Орталық Комитетінің, ССР Министрлер Советінің БҰССТС және ВЛКСМ Орталық комитетінің, Бүкілодақтық XIX партия конференциясы қарсаңындағы социалистік жарыста жоғары еңбек жетістігіне жеткені үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, ССР Министрлер Советі, Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің «Құрмет» грамоталарымен марапатталды.

Жалпы Бекзада Жүсіпәлиеваның саналы ғұмырында елге өткен еңбегі жеткен жетістігін жаза берсек, бір мақалаға арқау болатыны анық. Ол отбасында жолдасы Өтемі Байдүйсенұлымен 6 бала тәрбиелеп өсірді, нәмере-шөбересі сұйді. Қазіргі таңда Бекзада әжеңнің 13 нәмересі 16 шөбересі бар.

Ардақты әкеміздің өсімі жадымызда мәңгі сақталды, бақұл бол аяулы ана, ақжарлықты әке, біз сізді сағынышпен еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын.

Еске алушылар Байдүйсенөвтер әулеті

## Жыл сырғыды сіздерсіз

2022 жылдың 14 желтоқсаны Тұрғановтар әулеті үшін өте ауыр күн болды. Отбасының қос байғереті Сәбит Байғараев пен Алтын Жанабергенова және ұлы Жансерік Тұрғанды тосыннан келген ажал ортамыздан алып кетті. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмай, бір еңбекке жүк болары анық. Мәсқа пенде шірінде не амал бар дейсің. Біздің қолымыздан келетіні – сағынышпен еске алып, жақын-дарымыздың рухына құран бағыштау.



Байғараев Сәбит Тұрғанұлы 1966 жылы 22 ақпанда Қаракеткен ауылында дүниеге келген. 1992-1995 жылдары Қаракеткен ауылдық байланыс бөлімінде монтер болып жұмыс жасады. 1996 жылдан бастап Қаракеткен ауылдық клубының меңгерушісі болып ауылдың, ауданның мәдениет саласын дамуына сүбелі үлес қосты. 2001-2006 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша білім алды. 2018 жылдан бастап Далабай ауылдық клубының басшысы болып өзінің іскерлігімен, тың идеяларымен бөлісіп, абыройлы жұмыс атқарды.

Ол басшылық жасаған жылдары ұжым аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің, облыстық мәдениет, архитет және құжаттама басқармасының, Қаракеткен ауылдық округі әкімінің, Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кесіптік одағы қоғамдық бірлестігінің алғыс хатына ие болды. мұндай марапаттан асқар тау өкемі де көне болмады.

Жанабергенова Алтын Барбосынқызы 1973 жылы 13 наурызда Ақарық ауылында дүниеге келген. 1990 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Бастауыш сынып» мамандығы бойынша оқуға түсіп, аталған оқу орнын 1994 жылы бітірді. Алғаш еңбек жолын Қаракеткен ауылында №114 орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып бастады. 2014 жылдан бастап мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып абыройлы қызмет атқарды. Ол ұстаздық жолында жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі қажырлы еңбегі, шығармашылық ізденісі және белсенді қызметі үшін марапаттан көнде болған жоқ.


2017 жылы Астана қаласында бастауыш сынып оқушыларына арналған олимпиада орталығының ұйымдастыруымен өткен пәндік олимпиада ойындарында оқушысы топ жарып, өз үздіктер қатарында болды. 2017 жылы сапалы білім үдерісіне сіңірген ерен еңбегі мен қоғамның дамуына қосқан елеулі үлесі үшін ауданы әкімінің алғыс хатымен марапатталды. 2018 жылы аудандық білім бөлімінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. 2019 жылы білім беру саласындағы шығармашылық ізденісімен қатар, «Алтын белгі» иегерін дайындаудағы қажырлы еңбегі үшін Астана қаласына облыстық кәсіподақ комитетінен жолдана алды. 2020 жылы «Үздік критериялы бағалау бойынша «Мектеп үйлестіруші – 2020» облыстық байқауының I кезеңінде жақсы жұмыс көрсеткені үшін алғыс хатқа ие болды. 2020 жылы облыстық кәсіподақ комитеті тарапының «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Ардақты анамыздың салада жеткен жетістігі мұнымен толастаған емес, қазір оның барлығын жаза берсек, бір еңбекке жүк болары анық.

Тұрған Жансерік Сәбитұлы 2010 жылы 25 наурызда Қаракеткен ауылында дүниеге келді. 2016 жылы №114 орта мектеп табалдырығын аттап, білім алды. Түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Біліммен қатар спорттық жарыстарға белсене қатысып, облыстық жарыстардан жүлделі орындар иеленді. Сыныбында өте белсенді, озат оқушы болды.

Бір отбасында ата-анасы және баласы бір күнде бақиға бет түзеді. Бұл Тұрғановтар әулеті үшін үлкен қайғы болды. Бірақ қолдан келер шара бар ма, сынаққа сабыр қылмаң. Асқар тау өкеміздің, ақжарлықты анамыздың және бауырымыздың ортамызда күліп-ойнап жүргені кеше ғана сияқты еді. Бүгінде ардақтыларымыздан айырылып қалғанымызға да жылға жуықтапты. Бақұл бол ардақты әке, аяулы ана, жан бауырым.

2023 жылы 22 қазанда сағат 12.00-де Қаракеткен ауылы Қалмахан көшесі №10 үйде Сәбит Тұрғанұлы, Алтын Барбосынқызы және Жансерік Сәбитұлының жылдық асы берілетінін барша ағайын-туыс, құда-кежест, дос-жаранға хабарламыз.

Еске алушылар Тұрғановтар әулеті, ұл-қызыдары



Сақтаған Жанасбаев 1937 жылдың 20 қазанында Жалағаш ауданының Аққұм колхозында дүниеге келген. Әкесі Райымбай Құрбанұлы өткен ғасырдың басындағы сауатты адамдардың бірі болған. Колхоздастыру жұмысына, ферма басқарып, мал шаруашылығын өркендетуге қатысқан. 1954 жылы Аққұм ауылындағы «Шымбөгет» орта мектебін бітіріп, Алматы қаласындағы зоотехникалық-ветеринарлық институтына түсіп, оны мал дәрігері мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1959 жылы Терөзек ауданындағы «Қазақстанның 40 жылдығы» (кейін Аққұм совхозына бірікті) колхозына мал дәрігері болып жұмысқа тұрады. 1963 жылы 31 қаңтарда Қармақшы ауданындағы Ақжар совхозына өз мамандығы бойынша қызметке ауысады. Осы жылы бас мал дәрігері болып қызметі көтеріліп, 5 жыл абыройлы еңбек етеді. 1968 жылдың 27 сәуірінен Жалағаш аудандық мал дәрігерлік станциясында еңбек етіп, 1979 жылы 28 сәуірде мекеме бастығы, ауданның бас мал дәрігері қызметіне көтеріледі. 1985 жылдың 18 қазанынан 1989 жылдың аяғына дейін Жалағаш ауданының Аққұм совхозының директоры болған. 1989-1991 жылдары табиғатты қорғау комитетінің аудандық мекемесін басқарған. 1991 жылы 28 шілдеде аудандық мал дәрігерлік станциясының бас дәрігері қызметіне тағайындалып, осы қызметінен еңбек демалысына шыққан. Жұбайы Нағима Жылкелдіқызы екеуі 4 ұл-қыз тәрбиелеп өсірген, олар түрлі салада еңбек етеді. 2003 жылы 11 қарашада (66 жасында) өмірден озды.

# Сырдың сырбаз Сақтағаны

Бұл кісілердің өмірбаянын парақ-тап отырсақ, білім алуға, сол арқылы халқына қызмет етуге ұмтылғанын көреміз. Білім оларға өмірде таяныш, жаңа істерге бастаушы және тіршілігінде басты құрал болды. Ағайынға сыйлы, досқа адал жаңаға жайлы болды. Артынан өнегелі іс, өшпес із қалдырып.

«Менің кім екенімді достарымнан сұра» демекші, жаны жайсаң адам туралы «Сырдың сырбаз Сақтағаны» атты 2017 жылы шыққан кітапта жазылған оның достары мен замандастарының естеліктерінен қысқаша баяндаймыз...

Сақтаған Райымбайұлы «Шымбөгет» мектебін бітіргеннен кейін Алматы зоотехникалық-ветеринарлық институтына оқуға түсіп, мал дәрігері мамандығын алады. Кешегі Аққұм совхозы бірнеше колхоздан құралған, соның бірі «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы колхозда мамандығы бойынша еңбек жолын бастайды. Сол кезде қатар жұмыс істеген адамдардың еңгімесіне қарап бұл уақыт мал дәрігері ісінің қыр-сырын меңгеру, тәжірибе жинау, іздену жылдары болғанын байқаймыз.

Институтта бірге оқыған жолдасы Қанарман Табынбаев (марқұм болған) – республикаға ерекше еңбек сіңірген, Қазалы, Жалағаш аудандарының құрметті азаматы: «Менің Сақтағанмен алғаш кездесуім институт қабырғасында болды. Сақтаған мал дәрігері, Мақсұт Әбдіразақов екеуіміз зоотехникалық факультетке оқуға түстік. Осылайша студенттік өмір, мамандық алу жолындағы кезең басталып, жастық шақтың ең қызық та қымбат кезеңі бірге өткіздік.

Сақтаған мектепте жақсы оқыған институтта да ең тәуір студенттердің қатарында болды. Көп оқытын, көп ізденетін. Әрине мен қазір бар уақытымызды кітапқа шұқшиып өткіздік десем, ешкім де сөнбегенді. Бірақ жас адам бәрінде де үлгермеді, ол ұйықтамауға, тамақ ішпеуге бар, бірақ өмірдің қызықтарын жіберіп алғысы келмейді. Сөйте тура білім алуға, болашақ мамандығымыздың қыр-сырын меңгеруге тым құштар болдық. Әсіресе Сақтаған ғылымға бейім еді. «Жастық шақ – өрлік қасар шақ» деген ұлағатты сөз бекер айтылмаған екен.

1959 жылы зооветеринарлық институтты бітіріп, мамандығымыз бойынша қатар жұмыс жасадық. Сақтаған қазіргі Аққұм ауылындағы «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы колхозда мал дәрігері болып жұмыс атқара бастады. Ол кезде бұл колхоз Терөзек ауданына қарайтын. Оның жұмысты жастық жігермен бастағанын, жақсы істегенін білеміз. Кейін мықты мал дәрігері болуы да институттағы көп оқығанының және осы колхозда көп ізденіп, тәжірибе алуының арқасыу деп те ойлаймын. Мен аудандық ауыл шаруашылық инспекциясында кіші зоотехник, бас зоотехник, қаракөл қой совхозында зоотехник қызметтерін атқардым.

1963 жылдың қаңтар айында Сақтаған Қармақшы ауданының Ақжар совхозына мал дәрігері болып жұмысын ауыстырды. Ақжар кейін құрылған совхоз, мал мамандарына сұраныс бар еді. Осы жерде аз уақытта Сақтаған өзін көрсете білді. Егер ұмытпасақ қаңтар айының аяғында Ақжарға барды да, ақпан айында бас мал дәрігері болып қызметі көтерілді. Ол кезде қазіргідей тамыр-танымдық, «команда» деген де жоқ, ешкім рұын сұрмайды, нағашы, жиен, құда-жежат екеніне қарамайды. Кім жұмысты жүргізе алады, соған қарайды. Сондықтан болар, өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап кешегі 80-жылдардың ортасындағы тоқырауға дейін еліміздің экономикасы, ал бөліп-бөліп айтсақ, өндіріс пен шаруашылық, білім мен мәдениет, медицина қатар етті, соған орай адамдардың әлеуметтік жағдайы да көп жақсарды. Қоғам қатты дамыды, адамның өрсі тез көтерілді.

Сақтаған Ақжарда 5 жыл абыройлы қызмет етті. Өзі ақжардың

жеке бас пайдасын ойламайтын, кімге де болса қолынан келген көмегін аямайтын, адамгершілік қасиеті мен ақыл-парасаты мол адам қай жерде де сыйлы болады. «Өзі жақсы адамға екі кісілік орын бар» дейді атамыз қазақ.

Басқа да тұстары Сақтаған ағаның ақжардың адам екенін, жеке бас пайдасын ойламайтынын, адамгершілігі мен ақыл-парасатының молдығын, көп адамға көмегі тигенін айтады. Жалпы бұл кісідегі жақсы қасиеттердің негізі оның қарапайым-дәлдігінде жатса керек.

Сөйлеп Сауаханов (марқұм болған) қоғам және мемлекет қайраткері: «Сақтаған Жанасбаевпен 1975 жылы Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып жүрген кезімде қызмет барысында таныстым. Ол кезде ауданның мал шаруашылығына жетекшілік ететін едім. Жалағаш ауданында құрша шаруашылықтары өркендеп, айтарлықтай табысқа жеткенімен, мал шаруашылығы арта қалып қойған еді. Осы саланы көтеруде мықты көмекші жігіттер керек болды, яғни істі кадр мәселесінен бастадым. Сонда мал шаруашылығының мамандары Сақтаған Жанасбаев, Балғабай Иманов, Төлеген Аштанбаевалармен етене танысып, біресе жұмыс жасадық. Басқа да жігіттер білімділікпен, білгірлікпен қызмет етті, бірақ мен көбіне осы үшеуіне арқа сүйедім. Жұмысты жолға қою үшін жасақтаудан бастап, материалдық-техникалық базаны нығайттық. Фермалардың жанынан мал емдеу пункттері, лабораториялар, азықты өңдейтін цехтар, мал бордақылау алаңдарын аштық. Мал дәрігерлік-зертханалық жұмыс жолға қойылды. Ұйымдастыру жұмысын дұрыс жасай білудің, ықылас-ниеттің, уақытпен санаспайтын жанқиярлықтың арқасында жоғары дәрежеде жұмыс жасалды. Бұрын көп көңіл бөлінбеген мал шаруашылығын аяғынан тік тұрғыздық. Оның дәлелі – бесжылдықтың қорытындысы бойынша аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаев Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылды. Субъективті себептермен бұл марапат егесін таппады, дегенмен ауыл шаруашылығының, соның арқасында ауданның жоғары көрсеткіске жеткенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Сақтаған, Балғабай, Төлеген және басқа да мамандар өздеріне берілген тапсырма мен қызметтік міндеттерін жанаушылықпен, жанаушылықпен іске асыруға ықылас-ынтасымен кірісіп, білімі мен тәжірибесін, іскерлік қасиетін көрсетті. Өздерінің мықты маман екендігін танытты. Сол кезде Сақтаған аздап қиналып жүр екен, оны тани білуім, сенім артуым жігерлендіріп, қабілет-қарымын арттырып, өзін көрсете білді. Көп ұзамай ақ оны партия қатарына қабылдадық. Бірінші хатшы Сақтағанды көп біле бермейтін еді. Сонда мен: «Қәнеке, бұл жігіт келешекте Жалағаштың Сукесі болады», – дедім. Араға көп уақыт салмай сол айтқаным келді.

Менің бюрода айтқан сөзім періштенің құлағына шалынған болар, 1979 жылы Сақтаған Жанасбаев Жалағаш аудандық мал дәрігерлік станциясының бас дәрігері, яғни ауданның бас мал дәрігері болып тағайындалды. Ол жұмысты бірден-ақ дөңгелентіп жүргізіп кетті. Өзі істің қыры-сырын жақсы біледі, барынша еңбекқор, ізденіш жан еді. Әсілі ақылды адам өмір бойы үйренеді, ал ақымақ адам басқаны үйретумен болады. Өмір даналығы бізге мынаны айтады: бүгін болатын істі өртеңге қалдырма, өзін жасай алатын нәрсе үшін басқаны мазалама, қажет емес нәрсені алма, аш-жалаңаш жүрсен де кеуденді биік ұста. Сақтағанның қиналып жүрген уақыты болды дедім, бірақ оның өңесі, ұнжырғасы түскен жоқ, қандай тапсырма болсын уақытылы және тыныштықпен етіп бітірді және көп істі өз ақылымен, өз қолымен жасады.

«Бақаның бақытынан сұңқардың соруы артық» дейді халық даналығы. Бұл азаматтар сұңқар еді. «Мың жолдас көп емес, бір дұшпан аз емес» деген де нақыл бар. Сақтаған Сәмит Далдабаевпен, Қанарман Табынбаевпен, Мақсұт Әбдіразақовпен, Ермақаш Тұрабаевпен дос еді. Бәрі де қатарынан шоқтығы биік, алғыр, «сен тұр, мен атайын» дейтін жігіттер. Олар қатар жүріп шаруашылықты, ауданды көтерді, мемлекеттің экономикасының, адамдардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына қомақты үлес қосты. Адамның бағыты айқын болса, ойнау алған істен қандай қиындықта да бас тартпаса, осы жолда неден болса да тайынбаса, алға қойған мақсатына жетеді. Демек санаң неге жетсе, соған көп жеткізесің. Ол үшін, өрне жағдайға қанық болуы мен жауапкершілік, істі жоспарлап алу мен межеден артық жұмыс істеу, өзіңді-өзің басқара білуің керек.

1985 жылдың күзінде Сақтаған Жанасбаев Аққұм совхозының директоры болды. Совхоз директорын ол кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бекітетін, аса жауапты, жоғары лауазымды қызмет болатын. Сақтаған жақсы директор болды, одан кейінгі жылдарда ауданда нәтижелі, абыройлы еңбек етті. Адам өмірінде белгіленген мөлшер де, қатып қалған заң да жоқ. Біз тағдыр дейміз, бәрі де Алла Тағаланың ісі. Ең бастысы, артында жүрген, өмірде ізін қалғуы. Сақтағанның жақсы ісі, оны жалғастыра ұл-қызы бар. Осыған шүіршілік етейік!»

Садық Әлиев – Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, «1985 жылы Жалағаш аудандық ауыл шаруашылық басқармасы бастығы қызметіне бекітім. Ол кезде Сақтаған Жанасбаев Аққұм совхозының директоры еді, ол жерге Төлеген Тыннарбайдан кейін барды. Бұл жылдары ауданда үш қой совхозы болды, онда 100 мыңнан аса қой болды. Жалпы мал шаруашылықтар Қызылды игеру үшін құрылған, кейін уақыт ағымына орай белгілі бір себептермен бұл мақсат жүзеге аспады. Мен өзім Аққұм совхозының жұмысымен, кәсібімен, табиғи жағдайымен бұрыннан таныс адаммын. Совхозды Камал Бердәулетов ағамыз өз қолымен құрып, дамытқан. Сол кісіден кейінгі директордың кезінде совхоз комсомол комитетінің хатшысы болып қызмет жолын бастадым. Шаруашылық негізі төрт түлкі мал өсірумен айналысып, оның өнімін мемлекетке өткізеді. Жоспарлы экономиканың заңдылығымен жұмыс жасайды. Сондай-ақ мен Сақтағанды ертеректен сол кезде Терөзек ауданына қарайтын «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы колхозда мал дәрігері болып жүрген жерінен білетін едім. Ол колхоз кейін біріктіру саясатынан соң Аққұм совхозы болды. Байқап отырсам қазіргі елге еңбегі сіңген адамдар жер-жерде еңбек еткен, партия органдары мен жергілікті атқарушы билік оларды қиын үшәскелерге жұмсап, бір жағынан жұмысты жолға қойдырса, екінші жағынан өздерін шындап, жанып, өз мамандығының шебері ғана емес, жұмысты ұйымдастырушы, жетекші етіп шығарды. Сақтаған біздің ауданда келер алдында Қармақшы ауданында да өз мамандығы бойынша қызмет еткен еді.

Жұмыс барысындағы қиындық пен күрделілік қызметкерді, басының қайраттандырып қана қоймайды, оның қабілетін, қасиетін танытады. 1986 жылдың көктемі Сыр өңірінде қиын болды. Анпаннан бір тамшы жаңбыр тамбады деуге болады. Жалпы сексенінші жылдардағы табиғи қиындықтың бұл ең күрделісі еді. Қызылқұмға шөп шықпады, қар ылғалымен шыққан көк күйіп кетті. Дәл қазіргідей «балпан басына, тұрымтай тұсына тартқан» заман емес, не нәрсе болса да ақылдасумен, көмекпен шешілді. Ауданда Қызылқұмды жайлайтын Жаңадария мен

Аққұм совхоздарының қой түлігін Қарақұмға көшіру туралы шешім қабылданды. Бірақ бұл істің иіні оңайлықпен түскен жоқ, қалыптасып қалған жағдай кедергі болды. Бұл кезде қой төлдеп қойған еді, аяқ-танбаған қозы көшке ілесе алмайды. Сонымен маусым айының ортасына дейін малды көшіруге ешқандай мүмкіндік болмады.

Төл аяқтаным, бүкіл жұмысты бағдарлап, іс-қимылды келісіп алып, өнді кешіреміз деп отырғанда ойламаған жерден екінші қиындық келіп шықты. Шопандар Қарақұмға көшкісі келмеді, оны қиынсынды, белгілі шопандардың өз қойдың күйінің төмендеп кеткенін біле отырып, көшуге қарсылық білдірді. Мал айдаудың қиын болатынын біз өзіміз де жақсы біліп отырмыз әрі жауапкершілігі тағы бар. Мал шығыны болса, партиялық жаза, қызметтен алыну былай тұрсын, мамандар мен басшылар сотталып кетуі де мүмкін.

Шопандардың әрқайсымен жеке-жеке сөйлесіп, қанша үгіттегенімізбен нәтиже шықпады. «Қызылқұмға терендеп кетіңіз» дейді олар. Бұл уәж де құлаққа қонады. Бірақ жаз айларында Қызылқұмда қатынас тіпті қиын. Терендеп кірсек, ешқандай көлік жүре алмайды, дөңгелегі құмға кіріп кетеді. Әрі бұл істі ауданда келісіп алу керек, ешкім бар жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмейді.

Міне, осы қиын түйіннен Сақтаған алып шықты. Жайлаудағы қарай шопандарды ыңғайына жинап алды да: «Егер Қызылқұмға теренірек кіріп, осы жерді жайлаймын десеңіздер бар жауапкершілікті өз мойндарыңызға аласыздар. Осыған тілхат берісездер. Әрине, мамандар бірге болады, бірақ дәл қазіргідей қатынас болмайды. Оны өздеріңіз де жақсы білесіздер», – деді. Ең дұрысы осы еді. Ауылшаруашылық басқармасының бастығы ретінде мен түсінгенмен аудандық партия комитеті, аудандық атқару комитеті басшыларына, ертең бюороға бұдан басқаша түсіндіре алмас еді.

Осы жерде бір байқағаным Сақтағанның еңбек адамы алдында беделі жоғары, сөзі өтімді екен. Бұл – оңайлықпен келмейтін құрмет. Сенің қоғам жұмысына берілген, шаруаның жайын білетін, соған орай жұмыс жасайтын, өздеріне де жаны аштың адам екеніңді білгенде ғана олар басшыға риясыз сөнеді. «Директор болып келгеніңе бір-ақ ұлы болды, қалай бедел жинаған» деп ойладың да қойдым.

Әңгіменің басында Қарақұмға мал көшіргенімізді айттым ғой. Дәл сондай қиындық болмағанымен, күзеуден қыстаға көшу, қыстаудан қайталуға көшу оңай шаруа емес еді. Ол ұйымдастыру шараларын көп күш-қайратты қажет ететін. Біле бермейтін қажет етпейтін адамға бәрі оңай көрінеді. «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» деп ұлы Абай айтпақшы, білген адам көп ойланады, көп қиналады. Білім мен тәжірибе күдікті туғызды, ал күдік ойлануды, ізденісті, ізденіс жаңа білім мен тәжірибені туғызады. Бұл жерде мен Сақтағанның шаруақорлығын, мал шаруашылығын көп білетінін сонда да өмірі тыным таппай ізденетінін айтқым келіп отыр.

Сақтаған өзін әңгімені жақсы айтатын және сезініп тұбінде оймақтай ой жататын. Өте мәдениетті, солай бола тұра көкейіндегісін тіке айтады. Қашанда да тура сөйлейді, күтіл-бүтілділігі білмейді. Тағы бір байқағаным өзімен теңдес адаммен, тіпті тікелей басшымен қалай сөйлесе, қарауындағы маманмен де, шопанмен де солай сөйлеседі.

Өзі де ешкімге жағымпазандайды және басқаның да жағымпаздығын жек көреді. Ал өзі барынша ақкөңіл, Әйелі – Табынның қызы, содан әзілдесе береміз. Өзі преферансты барынша мықты ойнайды, ешқашанда ұтылмайды. Содан жайлылығы үшін жігіттер өңгіме, әзілге қарай ойыса береді.

Жалғасбек Аманов – «Сырдың сырбаз Сақтағаны» атты кітаптың авторы, журналист. Сақтаған Жа-

набаевтың биік тұлғасын тану үшін Қызылқұмға кіре берістегі Аққұм совхозынан бастап Жалағаш кентіндегі, Қызылорда қаласындағы замандастарымен жүздескенде өткен уақыттың оларға тым қымбат екенін байқадым. Көкейіме «Адамдар сол кезде неге аңсай береді?» деген де сауал келді. Ол кезде теңдік болды, соғыстан кейінгі жылдары кедейлік деген бәріне ортақ, сондай-ақ мүмкіндік те бірдей болды. Басшылардың өз қарапайым тұрды, қажеттіліктің де қатаң этикасы бар еді. Олар жоғарғы және арнаулы оқу орындарында тегін оқыды. Барды місе тұтты, жоққа салауат етті. Мәселенің мәні осында болу керек.

Дүниенің басты тұғыры ғана емес, жұмбағы да адам. Адамның келбеті мінезін танытады, бұл дегеніңіз ішкі болмысымыз, пиғыл-құлқымыз. Кей адамдар көзіндегі кемшілігіне келгенде сол кездегі саясатты, түрлі жағдайды айтып ақталады, ал ойлы адам қашанда парасатқа жүгінеді. Сақтаған аға толқына қарсы жүз-бегенмен, өз ойы, соған сәйкес іс-қимылы болған адам. Адам үшін ең асыл қасиет – оның ойы, ал ойдан туған өрекет қашанда мақсатқа жеткізеді. 1968 жылдың сәуір айында ағамыз Жалағаш аудандық малдәрігерлік станциясына мал дәрігері болып келді. Байқап отырсақ ол кісі осы жерде маман ретінде, аты үлкен еріппен жазылатын адам ретінде танылады. Кеңестің жүйенің бір ерекшелігі маманды от пен мұзға салып, құрышты етіп шығаратын, содан кейін ғана жетекшілік, ұйымдасқан жұмысқа қабілеті мол болатын болса, жауапты қызмет беретін. Сақтаған Жанасбаев та осы жолдан өтті.

1979 жылы қараша айында Жалағаш аудандық малдәрігерлік станцияның бастығы, ауданның бас мал дәрігері болып тағайындалды. Ағамыз осы қызметті 6 жыл арادا Аққұм совхозының директоры, аудандық табиғатты қорғау комитетінің төрағасы қызметтерінде болып, тағы 6 жылдай атқарады.

«Ол кезде облыста 8 аудан мен қала бар, солардың ветеринарлық қызметін үйлестіріп отырамын. Сәкеннің өз ерлігімен өрне орында еді. Ол кісінің жасы үлкен, тәжірибесі мол, сонымен бірге өте білімді еді. Мамандығына байланысты кітаптарды, материалдарды іздеп тауып, соны оқып, бір-біріне салыстырып, өгей-төгейлі зерттейтін. Шыны керек кейде ғылым өмірмен үйлеспей жатады, ауылшаруашылығында өңірлік ерекшелік тағы бар. Кейде «мына зерттеу еңбегі дұрыс екен», «мына жай шөлейтті аймаққа тура келмейді» деп айтып отыратын.

Егер адамның бойында қасиет мол болса, қарым-қатынаста кішіпейілділік, адамгершілік, парасаттық танытса, өмірде адал болса, қызметіне жанын салса, қоғамдық жұмысқа араласса, ол кісі көпшілік арасында сыйлы болады. Қазір адамды қалай бағалайтынын қайдам, біздің кезімізде бұл негізгі өлшем еді», – дейді сол кездегі Қызылорда облысының малдәрігерлік инспекциясының бас инспекторы Пернебай Балкеев.

Ақиқат арабтың нақ сөзінен алынған бұл – адам санасындағы тура жолды бейнелейтін ұғым. Ақиқатты анықтау, шындықты табу оңай емес, себебі әр қоғамның өз ақиқаты, оның кейінгі іздеушісі болады. Біз білетін бір шындық Сақтаған Жанасбаевтың Аққұм совхозының экономикасын көтеруге, сол ауылдың мәдени, медициналық, адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қомақты үлес қосқан. 1985 жылдың аяғында Сақтаған Жанасбаев совхозға директор болып тағайындалған кезде шаруашылықта мал шығыны болып, содан оңала алмай жатқан еді. Араға бір жарым жылдай уақыт салып, 1987 жылдың көктемінде шаруашылықта 21 135 саулық қой қоздап, 13303 қозы өсіміге қалдырылды. Ал келесі жылы Аққұм совхозы төл алудан облыстың алдығын қатарына шығып, қоспа-оқдақты облыстың кеңесі сыйлыққа

насбаевтың биік тұлғасын тану үшін Қызылқұмға кіре берістегі Аққұм совхозынан бастап Жалағаш кентіндегі, Қызылорда қаласындағы замандастарымен жүздескенде өткен уақыттың оларға тым қымбат екенін байқадым. Көкейіме «Адамдар сол кезде неге аңсай береді?» деген де сауал келді. Ол кезде теңдік болды, соғыстан кейінгі жылдары кедейлік деген бәріне ортақ, сондай-ақ мүмкіндік те бірдей болды. Басшылардың өз қарапайым тұрды, қажеттіліктің де қатаң этикасы бар еді. Олар жоғарғы және арнаулы оқу орындарында тегін оқыды. Барды місе тұтты, жоққа салауат етті. Мәселенің мәні осында болу керек.

Дүниенің басты тұғыры ғана емес, жұмбағы да адам. Адамның келбеті мінезін танытады, бұл дегеніңіз ішкі болмысымыз, пиғыл-құлқымыз. Кей адамдар көзіндегі кемшілігіне келгенде сол кездегі саясатты, түрлі жағдайды айтып ақталады, ал ойлы адам қашанда парасатқа жүгінеді. Сақтаған аға толқына қарсы жүз-бегенмен, өз ойы, соған сәйкес іс-қимылы болған адам. Адам үшін ең асыл қасиет – оның ойы, ал ойдан туған өрекет қашанда мақсатқа жеткізеді. 1968 жылдың сәуір айында ағамыз Жалағаш аудандық малдәрігерлік станциясына мал дәрігері болып келді. Байқап отырсақ ол кісі осы жерде маман ретінде, аты үлкен еріппен жазылатын адам ретінде танылады. Кеңестің жүйенің бір ерекшелігі маманды от пен мұзға салып, құрышты етіп шығаратын, содан кейін ғана жетекшілік, ұйымдасқан жұмысқа қабілеті мол болатын болса, жауапты қызмет беретін. Сақтаған Жанасбаев та осы жолдан өтті.

1979 жылы қараша айында Жалағаш аудандық малдәрігерлік станцияның бастығы, ауданның бас мал дәрігері болып тағайындалды. Ағамыз осы қызметті 6 жыл арادا Аққұм совхозының директоры, аудандық табиғатты қорғау комитетінің төрағасы қызметтерінде болып, тағы 6 жылдай атқарады.

«Ол кезде облыста 8 аудан мен қала бар, солардың ветеринарлық қызметін үйлестіріп отырамын. Сәкеннің өз ерлігімен өрне орында еді. Ол кісінің жасы үлкен, тәжірибесі мол, сонымен бірге өте білімді еді. Мамандығына байланысты кітаптарды, материалдарды іздеп тауып, соны оқып, бір-біріне салыстырып, өгей-төгейлі зерттейтін. Шыны керек кейде ғылым өмірмен үйлеспей жатады, ауылшаруашылығында өңірлік ерекшелік тағы бар. Кейде «мына зерттеу еңбегі дұрыс екен», «мына жай шөлейтті аймаққа тура келмейді» деп айтып отыратын.

Егер адамның бойында қасиет мол болса, қарым-қатынаста кішіпейілділік, адамгершілік, парасаттық танытса, өмірде адал болса, қызметіне жанын салса, қоғамдық жұмысқа араласса, ол кісі көпшілік арасында сыйлы болады. Қазір адамды қалай бағалайтынын қайдам, біздің кезімізде бұл негізгі өлшем еді», – дейді сол кездегі Қызылорда облысының малдәрігерлік инспекциясының бас инспекторы Пернебай Балкеев.

Ақиқат арабтың нақ сөзінен алынған бұл – адам санасындағы тура жолды бейнелейтін ұғым. Ақиқатты анықтау, шындықты табу оңай емес, себебі әр қоғамның өз ақиқаты, оның кейінгі іздеушісі болады. Біз білетін бір шындық Сақтаған Жанасбаевтың Аққұм совхозының экономикасын көтеруге, сол ауылдың мәдени, медициналық, адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қомақты үлес қосқан. 1985 жылдың аяғында Сақтаған Жанасбаев совхозға директор болып тағайындалған кезде шаруашылықта мал шығыны болып, содан оңала алмай жатқан еді. Араға бір жарым жылдай уақыт салып, 1987 жылдың көктемінде шаруашылықта 21 135 саулық қой қоздап, 13303 қозы өсіміге қалдырылды. Ал келесі жылы Аққұм совхозы төл алудан облыстың алдығын қатарына шығып, қоспа-оқдақты облыстың кеңесі сыйлыққа

«Москвич» жеңіл көлігін береді. «Мемлекетке ет, сүт, қаракөл елтірісі, жүн өткіздік. Сақтаған ғылымға бейім маман еді, ет өткізе ме, жоғарғы сортпен өткізеді. Мал бордақылау алаңында 150 жылқы байланып тұрады. Етке тоқты өткізе ме, оны дұрыстап жайдырып, семіртп алады. Жүн өткізе ме, оның да сапасы жоғары болуы керек. Ең тәуір өнімді Аққұм совхозы берді, аудандағы мал шаруашылықтарының алды болды. Сақтағанның бастамасымен совхозда қой тұқымы асылдандырылды. Бұл асыл тұқымды қошқарды әкеліп, мал қашырым көзінде отарға қоса салу емес. Бәрі зерттеліп, ғылыми тұрғыда жасалады. Жорабек Еңсебаев деген ғалым екі жыл біздің үйде жатып еңбек етті», – дейді еңбек ардагері, республикаға белгілі сынықшы, Зайыр Жаңабаев (марқұм болған).

Сол кезде шопандар Балағали Кәрібаев әр жүз саулықтан 150, Сайлау Ойнаров 140, Діпдәбек Момбеков 125, Амандық Алпысбаев 120, Көшер Жақымов 115-тен қозы, жылқышы Қуаныш Әлиев 100 биеден 80 құлын алды. «Сақтаған Жанасбаевтың қоғамға, мемлекетке сіңірген еңбегі неде?» дегенде біреулер сол кездегі көрсеткішті, екінші адамдар бастының жақсы қасиетін айтты. Негізі ол Сәкеннің ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруі (бұдан ақыл-парасатты көрінеді), қай қызметте болмасын жұмысқа өзін жауапты сезінуі, қолынан келгенше адамдарға жақсылық жасауы, жан-тәнімен қызмет етуі, ары таза, рухы бай болуында еді. «Басының тазалығы орта бұын мамандарға қатты әсер етеді, өмірлік тәрбие береді. Сәкеннің сөзі мен ісі, ойы мен жұмысы бір жерден шығып жатты, ойы анық, сөзі нық еді. Екі түрлі көзқарасты, екі түрлі баға беруді мен ол кісіден көргенім жоқ. Аға ұрпақ – ұлттық салт-дәст

## Сұхбат

Кеше шығармашылық топ аудандық төтенше жағдайлар бөлімі мен №11 өрт сөндіру бөліміне атбасын бұрдық. Онда бөлімдердің күн тәртібімен, тыныс-тіршілігімен және өрт сөндіру автокөліктері мен өрт сөндіру жарақтары, өрт сөндірушілердің арнайы киімдерімен таныстық. Сондай-ақ бөлімдегі барлық өрт-техникалық құралдармен қалай және қандай жағдайда жұмыс жасайтыны жайында ақпаратқа қанықтық. Ауданның төтенше жағдайлар бөлімі құтқарушылары қарлы боранда да, қатты желде де, аптап ыстықта да, жалпы кез келген жағдайда тұрғындарға әрқашан көмектесуге дайын екеніне тағы мәрте көз жеткіздік. Жауапты да күрделі мамандық иелерінің жұмыс күндері туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімі бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Еркін Назарқұлов сұхбат аясында айтып берді.



## Апат айтып келмейді

– **Еркін Есетұлы, аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қауіптің алдын алу бойынша өз тараптарыңыздан қандай жұмыстар атқарылады?**

– Мен 2023 жылдың 5 қазанынан бастап Жалағаш ауданы төтенше жағдайлар бөлімі бастығының лауазымына тағайындалдым. Жалпы аудан гарнизонының штат бойынша қырыққа жуық қызметкер бар. Оның ішінде төтенше жағдайлар бөлімінде 4, №11 өрт сөндіру бөлімінде 35 қызметкер жұмыс істейді.

Биыл 9 айда аудан аумағында 41 төтенше жағдай тіркелді. Оның 39-ы техногенді төтенше жағдай болса, 2-еуі – табиғи төтенше жағдай. Жыл басынан бері төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында жоғары 3 рет комиссия отырысы өткізілді. Онда 10 өзекті мәселе қаралып, 32 жауапты тұлғаға тапсырмалар берілді. Нақтырақ тоқталса, қыс, көктем мезгілінде аудан аумағына қарасты Сырдария өзені мен Қараөзек арнасы арқылы келетін мол суды қауіпсіз өткізу және су тасқынының алдын алу жұмыстары, Конго-Қырым геоморфологиялық қызыбасының алдын алуға байланысты дәрілеу-залалсыздандыру жұмыстары, мемлекеттік орман қоры ақпандарында өрттің алдын алу және болдырмау мақсатында профилактикалық жұмыстар шоғырталды. Сондай-ақ жаз мезгілінде суық шымалу маусымында су айдындарында қауіпсіздік шаралары, жылу беру маусымында білім, денсаулық және әлеуметтік нысандардың дайындық жұмыстары, аудан аумағында жеке тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігін ереже талаптарын сақтау мен көмірқышқыл газынан улану фактілерінің алдын алу, аудан көлеміндегі егін жинау науқаны кезіндегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлар қаупі туындаған уақытта аудан халқына хабардар ету мақсатында құлақтандыру жүйесінің жай-күйі және т.б. мәселелер туралы тапсырмалар берілді.

– **Бөлім қызметкерлері тек апатты оқиға орын алған жағдайда ғана әрекет етіп қоймай, күнделікті өмірде де жұмыстарыңыз қауырт болар, сол туралы айтып берсеңіз...**

– Біздің бөлімнің қызметі ең алдымен төтенше жағдайлардың алдын алуға және болдырмауға бағытталған. Мысалы, жарнамалық іс-шаралар, акциялар, флешмобтар, бұқаралық ақпарат құралдарына шығу сияқты шаруалар жетерлік. Қазір жылу маусымы басталды, жеке үйлер мен ғимараттар

көгілдір отынға қосылған. Қыс мезгілінде пеш, газ құрылғыларынан шыққан ақаулардан жиі оқиса оқиға орын алып жатады. Ал біздің мамандар барлығын алдын ала болжауға міндетті. Егер қытымыр қыста немесе боранда біреу желде қиындыққа тап болса, біз көмектесуге бар күшімізді саламыз. Көктем басталса, су тасқынының алдын алу мақсатында тағы да үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарға арықтарды тазалап, аулаларындағы қарды уақытында шығаруды ескертеміз.

Соның уақытта әлемде орман өрті өршіп тұр. Сол себепті өрт қаупі бар аумақтарды қатаң бақылауға алып, қураған ағаштар мен былтырғы шөптерді, тағы басқа осы секілді дүниелерді жою қажет екенін еске саламыз. Сонымен қатар біз орман шаруашылығы мамандарымен де белсенді түрде бірге жұмыс істейміз. Жазда егіс алқаптарында өрт қаупі төніп жатады. Мұндай күтпеген жағдайларды алдын ала болжап, дер кезінде ауыздықтап, тез арада жоюымыз керек. Қорыта айтқанда, біздің жұмысымыз жылдың төрт мезгілінде де қызу қайнап жатады.

– **Өңірде өрттер жиі тіркеле ме? Өртке қарсы қандай жұмыстар атқарылады?**

– 2023 жылы 9 айда аудан бойынша 38 өрт оқиғасы есепке алынды. Тіркелген өрттерді талдау барысында өрт объектілері 4 есеге көбейген, автокөліктерде 6, тұрғын үй секторларында 19 өрт орын алып, бөлімдермен салыстырғанда 13 пайызға азайды. Биыл орман өртіне байланысты 7 оқиға тіркелді. Өкінішке орай биыл 1 аудан азаматы өрттен қаза болды, өрттен жарақат алғандар тіркелмеді.

Өрттің шығу себептеріне келсек, жылыту пеші мен электр желілерінің ақауынан, газ плита үстінде дайындап жатқан асты бақылаусыз қалдырудан, отпен абайсыз болудан, өшірілмеген темекі тұқылын тастауынан орын алып жатады. Осы орайда қатаң шаралар қаралып, өрт оқиғасына себеп болған 40 тұлғаға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік іс қозғалды. Прокуратураның қаулысына сәйкес тағайындалған тексеру нәтижелері бойынша 3 шара, яғни «Орман және жануарлар дүниесін қорғау» мемлекеттік мекемесі басшысына лауазымды тұлға ретінде 86 250 теңге айыппұл салынды, сондай-ақ аудандық ауруханаға және «Ақтерек» сауықтыру лагеріне заңды тұлға ретінде «ескерту» шаралары көрілді. Қалған өрт

немесе өртке жатпайтын жану оқиғалары бойынша 36 ескерту шарасы қаралды.

– **Түрлі апаттық жағдайлар орын алғанда халық соған дайын болу үшін аудан бойынша қандай оқу-жаттығу жұмыстары жүргізіледі?**

– Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында аудан бойынша бірқатар іс-шара жүзеге асырылуда. Мәселен, аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіне 25 мақала, аптап айтқанда, мұздағы қауіпсіздік 5, суға шомылу маусымы бойынша 20 мақала жарияланды, өлі де жарияланды. 4 рет бейнетүсірілім жасалды, әлеуметтік желілерге орналастырылды. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің әлеуметтік желісінде және ауданның «Facebook», «Instagram» парақшаларында 189 мақала жарық көрді. Сондай-ақ дауыс күшейткіш арқылы халыққа өрт, судың қауіпсіздігі және төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында 384 рет түсіндірме ақпарат оқылды. Сонымен қатар №11 өрт сөндіру бөлімімен кезекшілікте тұрған жеке тұрғын секторда 6 128 тұрғын үйдің 29 483 тұрғынына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мұның бөлек аудан бойынша азаматтық қорғау оқу-жаттығулар жоспарына сәйкес биыл 91 оқу-жаттығу өткізілді.

– **Өрт сөндіруші қызметкерлерінің өрті ауыздықтауы үшін қажет өртке қарсы су көздерінің, яғни өрт гидранттарының жағдайы қалай, бақылауда ма?**

– Иә, аптап айтып келмейді, біз бәрін дайын болуымыз керек. Ауданда барлығы 704, кентте 163 өрт гидранты орналасқан. Бүгінде барлығы жарамды күйде, толық бақылауымызда.

Біз де электронды карта да бар, яғни бір жерде өрт оқиғасы орын алса, соған жақын қай маңда өрт гидранты бар, соны анықтап береді. Бұл бір жағынан орын алған өртті дер кезінде ауыздықтауға мүмкіндік береді.

– **Аудан орталығынан шалғай өлді мекендерді өрттен қорғау мақсатында және орман, дала өрттері бойынша жергілікті атқарушы органдармен атқарылаған жұмыстар бойынша кеңінен тоқталсаңыз...**

– Аудан кеңінен мемлекеттік орман қоры 769 482 гектарды құрайды. Жалпы аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеменің 2023 жылға жоспарланған 660 шақырым ескі минералды жолжақтары толық жаңартылды. Сондай-ақ биыл аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесіне 1 АҚ-5-40 Урал маркалы өрт сөндіру автокөлігі алынды. Орман қоры аумағында жергілікті атқарушы органдары мен аудандық полиция бөлімінің ұжымдық инспекторлары бірлесіп, күнделікті рейдтік іс-шаралар жүргізілуде. Сонымен қатар Қараөзекте, Бұқарбай батыр ауылдық округінен өрт сөндіру бекеттері ашылды.

– **Төтенше жағдай кезінде әлеуметтік маңызы бар нысандармен, мәселен, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы ұйымдармен қалай бірге әрекет етесіздер?**

– Біз аудандағы барлық әлеуметтік маңызы бар нысандармен, оның ішінде білім беру, медициналық, балабақша, халыққа қызмет көрсету мекемелерімен тығыз байланыста боламыз. Бұл мәселе аталған мекемелерді тексеру үстінде талқыланады. Өрт кезінде түрлі қызметкерлер өзін қалай ұстауы керек, яғни жұмысты тоқтату, өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және шұғыл түрде іс-әрекеттерді орындау, мұның бәрі жаттығулар кезінде алдын ала пысықталады. Білім беру орындарына келсек, балабақшалар мен мектеп мұғалімдеріне және балаларға қауіп төнген жағдайда қалай әрекет ету керектігі нұсқауда көрсетілген. Жазда апаттық баспалдақты қалай пайдалану және түтін болған кезде балаларды көшеге шығару сынды жұмыстарды көрсетеміз.

Біз климатты ескере отырып, қыста балалар қалай эвакуацияланатынын да зерделейміз. Осының барлығын төтенше жағдайлар кезінде алдын ала үйретеміз, ол үшін жылдың кез келген мезгіліне қарамастан қызметкерлермен кездесулер, тәжірибелік жаттығулар ұйымдастырылады. Сондықтан қызметкерлерді үй-жайдан шұғыл эвакуациялау үшін арқашан үйретіп отыру керек.

– **19 қазан – Құтқарушылар күні. Бұл датаның сіздер үшін маңызы қандай?**

– Өріптестерім қандай қиыншылыққа тап келсе де, өз ісін абыроймен атқаруға бар ынтығамын қосып. Қандай қайғылы, қасіретті оқиға болсын бар күш-жігерін салып, құтқару жұмыстарын жүргізіп жүрген құтқарушылардың осы мереке күні жұмыстарына табыс, жаууларына амандық және зор денсаулық тілеймін. Өріптестерімнің үлкен еңбегі құтқарған адамдардың алғысымен бағаланды, тәуелсіз Қазақстанның гүлденуіне сеп болады деп сенемін.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Жандос ЖАЗКЕН

## Маман мерейі

# Құтқарушы Есентай



Есентай Болатбекұлы – аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженер қызметкері. 2016 жылдан бастап төтенше жағдай бөлімінде еңбек етіп келе жатқан Есентайдың алғашқы еңбек жолы Шиели ауданында өрт сөндіру қызметкері болудан басталған. 2021 жылдан бастап аудандық төтенше жағдайлар бөліміне инженер болып орналасқан ол 2022 жылдың қаңтар айынан бастап аға инженер болып қызмет етуде.

– Біздің жұмыстың басты мақсаты – төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды болдырмау. Уақытымыздың басым тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу, оқыс оқиғалардың алдын алу және басқа да төтенше жағдайларды жою салдырымен жұмыс жасауға арналады. Қазіргі таңда ата-аналар күндіз жұмыста болатындықтан балаларды сыртынан құлыптап кетеді. Сондай кездерде балаларға терезе арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеміз. Үнпарақтардың артында шырпымен ойнамау, жақпау деген сынды суреттер

бар. Сол суреттерді көрсету арқылы кішкентай балаларға шырпының зиянын түсіндіреміз. Ауласынан кіргізбейтін кейбір аудан тұрғындары да кездесіп жатады. Ондай жағдайда біз ұнпарағымызды қақпа сыртына қыстырып, сол үйдің мекен-жайы мен аты-жөнін толық жазып, арнайы журналға үйіне кіргізбей, түсіндірме жұмыстарын жүргізуге қарсы болғаны үшін тіркел қоямыз. Кейін сол үйде қандай да бір оқиға оқиға немесе өрт шарпыған кезде тіркелген журнал арқылы жұмыс жасауымызға кедергі болғанын растап, өз жұмысымызды дәлелдейміз, – дейді Есентай Болатбекұлы.

Қазіргі таңда төтенше жағдай департаменті бастығының бұйрығына сәйкес әр сенбі күні «Өрт қауіпсіздігі сенбілігі» болып жарияланған. Аталған бөлім қызметкерлері әр сенбі сайын таңғы сағат 9.00-ден түскі сағат 15.00-ге дейін аудан тұрғындарын және басқа да ауылдық округтерді аралап, «Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі», «Газ және электр жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік

шаралары», «Көмірқышқыл газы адам өміріне қауіпті», «Жағылған қоқыстарды бақылаусыз қалдырмау», «Сірлікелер балаларға арналған ойыншық емес», «Балаларды қараусыз қалдырмау» тақырыптарында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, арнайы дайындалған жадынамалар таратады.

Айта кетейік, Есентайдың әкесі Болатбек Жалғасбаев та осы саланың үздік ардагері. Ол 2007 жылы Қызылорда қаласындағы №10 өрт сөндіру бөлімінде бастығы болып, подполковник шенімен зейнеткерлікке шыққан. Өке жолын жалғаса Есентай Болатбекұлы да жауапты қызметті абыроймен атқарып, елдің алғысын алуды көздейді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Ақтоты ЕРЖАН



Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-04-41  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарлауға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1643

## Журналист басқа мамандықта Өрт сөндірушінің бір күні

19 қазан – құтқарушылар күні. Азаматтық қауіпсіздікті сақтау жолында жанын шүберекке түйіп, адам жанының арашасы болатын қызметкерлердің төл мерекесі. Ең қауіпті мамандықтың бірі саналатын өрт сөндіруші қызметі – батылдық пен өжеттікті талап ететін мамандық. Себебі бұл маман иелері күн сайын өмір мен өлім арасында арпалысып жүреді. Оларды бүгінгі күннің батыры десек те артық емес. Өрт сөндірушілердің бір күндік жұмыс барысы қалай өрбитінін көзбен көріп, танысу мақсатында таңмен таласып, өріптесім екеуміз аудан орталығында орналасқан №11 өрт сөндіру бөліміне арнайы атбасын бұрдық.



Табалдырықтан аттай салысымен қарсы алған кезекші жігіт аудандық басшылармен келгенімізді есті салысымен бөлім басшысына қарай бағыттады. Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры Ербол Тәуекелов те өріптесім екеумізді жылы шыршаймен қарсы алып, мекеменің тарихы мен бүгінгіне тоқталып өтті.

Жалағаш ауданы бойынша өрт сөндіру бөлімі 1964 жылы құрылған. 1998 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен өрт сөндіру бөлімінің қызметтерін ҚР Төтенше жағдайлар агенттігіне қарасты өрт сөндіру бөлімінің қызметі болып қайта құрылған. Қазіргі таңда 35 қызметкер штат бойынша жұмыс жасайды. Бұдан өрі өрт сөндірушілердің жұмысын білу мақсатында қызметкерлермен бірге жұмыс жасауға кірістік.

Бүгінгі біздің өріптесіміз – аудан орталығында орналасқан №11 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі, құтқарушы, азаматтық қорғау сержанты Дулат Алтынбек. Ол 2015 жылдан бастап аға өрт сөндіруші болып қызмет жасауда. Осындай жауапкершілігі мол мамандықты абыроймен атқарып жүрген Дулат адамды апаттан аман алып қалу мен өртті ауыздықтауда адамзат баласына көмектесуді қызметтік міндетім емес, жүрек қалауым деп санайды.

– Өрт сөндіру – жүректіліктің мамандығы. Бұл салаға көз келген адам келмейді. Біздің қызмет ететіндік, батылдық пен төзімділікті талап етеді. Құтқару қызметінің өр күні қауіп-қатерге толы. Соған қарамастан жұмысым өзіме қатты ұнайды. Кейде шақыртулар түскен кезде бойды үрей билейтін рас. Алайда біздің салада қорқақтыққа орын жоқ. Өр күн сайын үйде ата-анам мен жұбайым амандығымды тілеп отырады. Солардың батасы да күш сыйлайтын болуы керек, өзіме сенімді түрде қызметіме кірісемін. Ең бастысы, орын алған жағдайға қай уақыт, қандай жерде болсын сақадай сай дайын тұру азаматтық борышымыз екенін ұмытпаймыз, – дейді жас құтқарушы.

Сұхбат барысында кейіпкеріміз өрт сөндірушілер кез келген уақытта, қандай жағдай болсын адам өмірін құтқаруға дайын екенін жеткізді. Олар күнделікті кезекшілікке шыққан уақытта түрлі жағдайлармен бетпе-бет келіп, тісінен тұтанатын қызыл жалынмен арпалысып, өз өмірін қатерге тісіп, өзгелерді құтқарады. Кейіпкеріміз оқиса оқиға орын алғанда жағдайда қою түтін арасында қозғалып, жүріп, секіру, салмағы 20 келі болатын шланганын өзін ұстап жүру кейде қиынға соғатынын жеткізді.

– Өрт тілсіз жау болғанымен өздігінен пайда болмайды. Ол көп жағдайда адамдардың ұқыпсыздығынан, бейжақтылығынан шығып жатады. Адамдарды өрт қауіпсіздігін сақтауға шақырып, алдын алу жұмыстарын жүргізсек те мән бермейді. Төтенше жағдай орын алса, автокөліктер шақыру бойынша бөлінеді. Егер тұрғын үй өртенсе, екі автокөлік, ал мал қора өртенсе, бір автокөлік барады. Негізі ауданның гарнизонында 3 өрт сөндіру автокөлігі бар, – дейді Дулат Төлегенұлы.

Өрт сөндіру бөлімшесінің кезекшілігі күн тәртібіне сәйкес 8 қызметкерден 4 ауысыммен жұмыс жасайды. Жыл басынан бері аталған бөлім қызметкерлері 85 өрт сөндіру шараларына шыққан. Оның ішінде 1 авариялық қатты жұмысын жүргізген. Өрт сөндіру бөлімінде диспетчер қызметін нәзікжандылар жүргізеді. Олар ауданның тыныштығын тынымсыз қадағалап отырады. Осы салада елеулі еңбек етіп жүрген нәзікжандылардың бірі – Шара Бөлембаева. Ол – ауданда орын алған төтенше жағдайларды алғаш естіп, жылдан әрекет етіп, ұжымды ұйымдастыратын диспетчер.

– Түнгі мезгілде ауданда адамдар шағырланған мекемелермен, атап айтсақ, аурухана, жатахана, №19 балабақшамен хабарласып, өр мекемеде қанша адам барынан хабардан болып отырамыз. Қандай да бір оқиса жағдай болып қалған жағдайда ғимараттың ішінде қанша адам барын біліп отыруымыз қажет. Біз таңғы сағат 8.00-де кезекшілікті қабылдап, тәулік бойы жұмыс жасаймыз. Диспетчерлер тек қоңырауларды қабылдап қана қоймайды. Ол қандай оқиса оқиға орын алғанын біліп, адамдарға төнген қауіпті анықтай отырып, жедел басқа да қызметкерлермен байланысқа шығады. Адамдар жас келген мәселемен қоңырау шалып, біз оларды тыныштандырып, үрейленбей үшін қолдау көрсетеміз. Осы салада жұмыс жасап жатқанымыз 15 жылдай уақыт болды. Кей жағдайларда адамдар бізге айқайлап, өрт болған жерде жақындары қалып қойғанын айтып, жанұшыра көмек сұраған кезде қосыла қобалжып кететін кездер де жиі болып тұрады, – дейді кіші сержант Шара Шәмшатқызы.

Жиырма төрт сағат бойы кез келген апаттық жағдайдың алдын алуға, төтенше жағдай орын алған жерге белгіленген межеде жетіп, қауіп деңгейіне қарамастан күресетін құтқарушылардың жұмысы қашанда үлкен құрметке ие.